

Тауарлардың шығу сертификатының шынайылығын растау туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 21 сәуірдегі N 58-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 сәуір тіркелді. Тіркеу N 289. Күші жойылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 21 бұйрығымен. ~ V011446

Кеден органдарының кеден төлемдері мен салықтарды толық алуына әсер ететін тауарлардың шыққан елін анықтау жөніндегі кедендік бақылауды күшейту мақсатында бұйырамын:

1. Кеден органының жеке тауарлардың шыққан елін растауының тәртібі бекітілсін.

2. Тәртіптің 1-қосымшасында көрсетілген тауарларға қатысты кеден төлемдері мен салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер тауарлардың шығу сертификатының шынайылығы расталған жағдайда беріледі деп белгіленсін.

3. Осы бұйрықпен белгіленген тауарлардың шыққан елін растау тәртібі өздеріне қатысты қолданылатын тауарлардың тізбесіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кедендік бақылауды өткізу практикасын талдау мен жалпылап қорыту ескеріле отырып жүргізіледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитетінің Баспасөз

қызметі осы бұйрықтың ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Осы бұйрықты алғаннан кейін Кеден басқармалары мен кедендер бастықтары оның ережелерін барлық мүдделі адамдарға жеткізуді қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықты орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитеті Төрағасының Бірінші орынбасары В. Кирдановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрықты баспасөзде жариялағаннан кейін бір ай өткен күні күшіне енеді.

Төраға

бұйрығына

1-қосымша

Кеден органының жеке тауарлардың шыққан елін
растауының тәртібі

1. Тізбесі 1-қосымшада келтірілген тауарлардың шығу сертификаттары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кеден комитетіне ұсынылуға жатады.

Тізбесі 2-қосымшада келтірілген тауарлардың шығу сертификаттары қызметінің аймағында осы тауарлардың кедендік ресімделуі жүргізілетін Кеден басқармалары мен кедендерге ұсынылуға жатады.

2. Осы Тәртіптің 1-тармағында көрсетілген тауарларға қатысты кеден төлемдерін төлеу бойынша жеңілдіктер тауарлардың шығу сертификатының шынайылығы расталған жағдайда беріледі.

3. Тауарлардың шығу сертификатының шынайылығы растауға мүдделі адам тиісті кеден органына жазбаша сұрау салу мен тауарларды шығу сертификатының керегінше ресімделінген бланкісінің түпнұсқасын жібереді.

Сұрау салу тауарлардың шығу сертификатының шынайылығын растау үшін қажетті барлық мәліметтерді қамтуы керек. Сұрау салуға тауарлардың сынамалары мен үлгілері, олардың сипаттамалары, суреттері, бейнелері, сызбалары, коммерциялық және осы тауардың шыққан елінің аумағында толық ұқсатудан куәлендіретін немесе жеткілікті түрде ұқсатылғанын куәлендіретін кез келген басқа да құжаттар қоса тіркелуі тиіс.

4. Тауарлардың шығу сертификатының шынайылығын растауға өтінішті барлық талап етілген мәліметтер мен құжаттар ұсынылған жағдайда ол алынған күннен кейінгі 10 күн ішінде тиісті кеден органы қарайды.

Кеден органы мемлекеттік органдардан немесе өзге ұйымдардан ұсынылған мәліметтерді растау үшін қосымша құжаттарды сұрастырған жағдайда өтінішті қарау мерзімі осындай құжаттар түскен күннен бастап есептеледі.

Тауарлардың шығу сертификатының шынайылығын растауға өтінішті қараудың жалпы мерзімі үш айдан аспауы керек.

5. Тауардың шығу сертификаты жарамды деп танылған жағдайда "Қызметтік белгілер үшін" бағанында (N 4 - "А" нысаны бойынша тауарлардың шығу сертификаты үшін, N 5 - "СТ-1" нысаны бойынша тауарлардың шығу сертификаты үшін) тиісті кеден органының өкілетті лауазымды адамының қолымен куәлендірілетін" сертификат жарамды деп танылған" жазуы жазылады.

6. Жоғары тұрған кеден органы егер төменгі тұрған кеден органы

тауарлардың шығу сертификатын жарамды деп тану жөнінде толық немесе шек келтіретін ақпарат негізінде шешім қабылдаса, сондай-ақ қолданылып жүрген тауарлардың шыққан елін анықтау ережелерінің бұзылғандығы белгілі болған жағдайда осындай шешімнің күшін жоюға құқылы.

7. Осы Тәртіптің 1-тармағында көрсетілген тауарларды кедендік ресімдеу тауардың шығу сертификатының көшірмесінің (түпнұсқасы растау үшін жіберіледі) негізінде жүргізіледі, кеден бажы Кеден тарифінің ставкалары бойынша алынады.

8. Осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген тауарларға қатысты ТМД-ге қатысушы мемлекеттердің аумақтарынан шыққан тауарлар үшін көзделген кеден төлемдерін төлеу бойынша жеңілдіктер қолданылмайды.

9. Осы Тәртіптің 7-тармағында көрсетілген тауарларға қатысты шынайылығы керегінше расталған тауарлардың шығу сертификаты ұсынылғаннан кейін преференциалдық режим қалпына келтіріледі.

Шынайылығы керегінше расталған тауарлардың шығу сертификатын кеден органына ұсынудың ең ұзақ мерзімі - кеден органының жүк декларациясын қабылдағаннан күнінен кейін бір жыл.

Аталған мерзім өткен соң кеден баждарының төленген және алынған сомалары бойынша шағымдары кеден органдары қабылдамайды және кеден баждарының төленген сомаларын қайтару жүргізілмейді.

Төленген салықтардың сомаларын қайтару Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

10. Тауарлардың шығу сертификатының шынайылығын растауды ҚР МКК атынан Кеден кірістері басқармасы жүргізеді.

11. Тауарлардың шығу сертификатының шынайылығын растауды Кеден басқармалары мен кедендерінің атынан кеден төлемдері бөлімдері жүргізеді.

Кеден органының
жеке тауарлардың
шыққан елін
растауының тәртібіне
1-қосымша

Тауарлардың шығу сертификаттары Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік Кеден комитетіне
ұсынылуға жататын тауарлардың тізбесі

бойынша қысқаша елі
тауар коды атауы

1701 99 100 Ақ қант ТМД-ге қатысушы
мемлекеттер

0902 10 000 Шай ТМД-ге қатысушы
0902 30 000 мемлекеттер

Кеден органының
жеке тауарлардың
шыққан елін
растауының тәртібіне
2-қосымша

Тауарлардың шығу сертификаттары Кеден басқармалары
мен кедендерге ұсынылуға жататын тауарлардың тізбесі

СЭҚ ТН Тауарлардың Шыққан
бойынша қысқаша елі
тауар коды атауы

0901 21 00 Қуырылған ТМД-ге қатысушы
0901 22 000 кофе мемлекеттер

8471 Ақпаратты ТМД-ге қатысушы
автоматты түрде мемлекеттер
өңдейтін
машиналар мен
олардың блоктары
